

Қарақия ауданы бойынша шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелерін бекіту туралы

Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 2024 жылғы 28 наурыздағы № 13 /104 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2024 жылғы 3 сәуірдегі № 4689-12 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-10 тармағына, "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 181 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33110 болып тіркелген), Қарақия аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2024 жылға Қарақия ауданы бойынша шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелері туристерді орналастыру орындарында болу құнынан 0 (нөл) пайыз мөлшерінде бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарақия аудандық мәслихатының төрағасы

Ж. Қалаубай